6-тарау. Мемлекеттік мекемеге оқуға қабылдау тәртібі. Білім алушыларды оқудан шығару негіздері және тәртібі

32. Мемлекеттік мекемеге оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17553 болып тіркелген) бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында (бұдан әрі – Қабылдаудың үлгілік қағидалары) айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

33. Мемлекеттік мекеме оқу деңгейіне қарамастан мемлекеттік мекеме қызмет көрсету аумағында тұратын барлық балалардың қолжетімділігімен алты жастағы балаларды және ағымдағы күнтізбелік жылда алты жасқа толған балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.

34. Мемлекеттік мекеме қызмет көрсету аумағы тиісті саланың уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

35. Мемлекеттік мекемеге қабылдануы үшін баланың ата-аналары немесе өзге заңды өкілдері Қабылдаудың үлгілік қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес құжаттар тізбесін ұсынады.

36. Бірінші сыныпқа баратын баланың ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуірінен 1 тамызына дейін жүргізіледі.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда құжаттар мемлекеттік мекеменің бірінші сыныбына ағымдағы жылдың 20 тамызынан кешіктірілмей қабылданады.

Бірінші сыныпқа қабылдау туралы бұйрықты мемлекеттік мекеме ағымдағы жылдың 25 тамызынан ерте емес шығарады.

37. Балаларды бірінші сыныпқа қабылдау кезінде емтихандар (тестілеу, конкурстар) өткізілмейді.

38. Бастауыш білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау Қабылдаудың үлгілік қағидаларының 2-қосымшаға сәйкес "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес каникул кезеңінде (сот шешімін, басқа елді мекенге көшуді, Қазақстан Республикасынан тұрақты тұруға кетуді қоспағанда) жүзеге асырылады.

39. Білім алушыларды мемлекеттік мекеменің екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы сыныптарына қабылдау мемлекеттік мекеменің қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылады.

40. Мемлекеттік мекеменің оныншы, он бірінші (он екінші) сыныптарына білім алушыларды қабылдау мемлекеттік мекеме қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып және білім алушының жеке өтінішінің не олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтінішінің және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде жүзеге асырылады.

Өтініштер күнтізбелік жылдың 15 тамызға дейін қабылданады.

41. Білім алушыларды мемлекеттік мекемеге қабылдау мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

42. Сыныптарды білім алушылардың даярлық деңгейі және даму дәрежесі бойынша жасақтауға рұқсат етілмейді.

43. Мемлекеттік мекемеге білім алушыларды қабылдау кезінде мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардың № 93 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін балалардың немесе білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасайды.

44. Білім алушыларды оқудан шығару Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда белгіленген негіздер мен тәртіппен жүргізіледі.

45. Білім алушыны мемлекеттік мекемеден мерзімінен бұрын шығару мынадай негіздер бойынша жүргізіледі:

1) білім алушының ата-анасының (заңды өкілдерінің) бастамасы бойынша;

2) мемлекеттік мекеменің бастамасы бойынша он алты жасқа толған білім алушыға тәртіптік жазалау шарасы ретінде шегерімдер қолданылған жағдайда;

3) заңнамала көзделген басқа да негіздер бойынша.

46. Заңсыз әрекеттер жасағаны, осы жарғыны өрескел және қайталап бұзғаны үшін он алты жасқа толмаған балаларды мемлекеттік мекемеден шығаруға ерекше жағдайларда тиісті саланың уәкілетті органының шешімі бойынша жол беріледі.

47. Тәртіптік жаза ретінде он алты жасқа толған және негізгі жалпы білім алмаған кәмелетке толмаған оқушыны оқудан шығару туралы шешім оның ата-анасының (заңды өкілдерінің) пікірі ескеріле отырып және кәмелетке толмағандар және олардың құқықтарын қорғау туралы комиссияның келісімімен қабылданады. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды оқудан шығару туралы шешім қорғаншы және қамқоршы органдардың келісімімен қабылданады. Пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды мемлекеттік мекемеден шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

48. Мемлекеттік мекемеден білім алушының шығарылғандығы туралы мемлекеттік мекеме үш күндік мерзімде білім алушының жалпы орта білім алуын жалғастыру мәселесін шешу үшін тиісті саланың уәкілетті органы хабардар етеді.

49. Басқа орта білім беру ұйымынан мемлекеттік мекемеге ауыстыру растайтын құжаттардың негізінде мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

Мемлекеттік мекемеден шыққан адам басқа білім беру ұйымына келуі туралы талон ұсынады, онда оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, оқыған сыныбы, мекенжайы көрсетілген мектебі көрсетіледі, содан кейін оған тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, оқыған сыныбы, мекенжайы көрсетілген мектебі көрсетілген кету туралы есептен шығару талоны және оның жеке ісі беріледі.

7-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі

50. Білім беру процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) бекітілген Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларымен (бұдан әрі – Орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары) белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

51. Мемлекеттік мекемеде оқу процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады.

52. Оқу сабақтарының басталуы мен ауысымы Орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларымен, Санитарлық қағидалармен және Ішкі тәртіп ережелерімен анықталады.

53. Мемлекеттік мекемеде оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде жүргізіледі.

Мемлекеттік мекеме білім алушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ МЖБС-на сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етеді.

54. Мемлекеттік мекемедегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

55. Мемлекеттік мекеме білім берудің үш деңгейінің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес оқу процесін жүзеге асырады:

- 1-денгей – бастауыш білім;
- 2-денгей – негізгі орта білім;
- 3-денгей – жалпы орта білім.

Мемлекеттік мекемеде 5 жастағы балалар үшін бір жылдық мектепалды сыныптар ұйымдастырылады.

Мектепалды сыныптарда білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру бағдарламаларына сәйкес, мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ерекше қызмет түрлерін: ойындар, құрастырулар, сурет салу, музыка, театрландыру және басқа да қызметтерді ескере отырып жүзеге асырылады, сондай-ақ балаға жеке тұрғыда қарауды, олардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып түрлі топтарда жұмыс жасауды іске асыруды қарастырады.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталылық);

ұжымдық қызметтегі бірлескен әрекет дағдыларына тәрбиелеу (кұрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);

балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;

баланың мектепке эмоционалды оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Балаларды жан-жақты дамыту, сапалы мектепалды даярлықпен қамтамасыз ету, олардың ата-аналарына әдістемелік-кеңес беруді қолдау мақсатында мемлекеттік мекеме жанында мектепке дейінгі шағын орталық жұмыс істейді.

Мектепке дейінгі шағын орталық мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылған.

Мектепалды сыныптарға, мектепке дейінгі шағын орталыққа балаларды қабылдау және олардан шығару, сондай-ақ оқу, оқу-тәрбие процесі осы Жарғыға, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі - Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары), Санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

Мектепалды сыныптардың, мектепке дейінгі шағын орталығының жұмыс аптасының ұзақтығы, тәрбиеленушілердің жасы бойынша құрамы, балалардың болу ұзақтығы, сабақ режимі МЖБС, Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары, санитариялық қағидалары, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған мемлекеттік мекеме бекітетін ережемен айқындалады.

56. Мемлекеттік мекеме оқу процесін "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген), "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8424 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

57. Мемлекеттік мекемеде оқу-тәрбие жұмысын есепке алу журналдарын және оқу сағаттарында оқу бағдарламаларының орындалуын есепке алу табельдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

58. Мемлекеттік мекемеде оқыту процесі үлгілік оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабақтар кестесімен регламенттеледі.

59. Мемлекеттік мекемедегі сабақ кестесін оның басшысы немесе оны алмастыратын тұлға бекітеді.

Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реттілігі көрсетіледі.

Мемлекеттік мекемедегі сабақ кестесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы және белсенді демалуы үшін жеткілікті ұзақтықтағы үзіліс қарастырылады.

60. Сабақтар арасындағы үзілістердің ұзақтығы кемінде бес минутты, үлкен үзіліс (екінші немесе үшінші сабақтардан кейін) - отыз минутты құрайды. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтардан кейін әрқайсысы он бес минуттан екі үзіліс ұйымдастыруға рұқсат етіледі.

61. Мемлекеттік мекеме бір күндегі ең жоғары оқу жүктемесін белгілеуде, оқыту нысандарын, құралдарын және әдістерін таңдауда дербес болады.

62. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі, сабақ режимі МЖБС, санитариялық қағидалардың, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған мемлекеттік мекеме бекітетін ережемен айқындалады.

63. Мемлекеттік мекемеде сабақтың ұзақтығы қырық бес минуттан аспайды. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, оқу сабақтарының сатылы режимін қолданылады. Қыркүйекте үш сабақ отыз бес минуттан, қазаннан бастап қырық бес минуттан жоспарланады. Сабақтарда дене шынықтыру минуттарын және көзге арналған жаттығулар өткізіледі.

Бірінші сынып оқушылары үшін жыл бойы қосымша бір апталық каникул көзделеді. Бастауыш мектепте қосарланған сабақтарды өткізуге жол берілмейді.

64. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 39 сағаттан аспайды.

65. 1-сыныпта оқу жылының ұзақтығы 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды. Мереке күндеріне түскен сабақтар қайталауға бөлінген сағаттар есебінен оқу жоспарының мазмұнын кіріктіруді ескере отырып, келесі күндерге ауыстырылады. Оқу жылының ұзақтығы оқу жоспарында көрсетіледі.

66. Оқу жылындағы каникулдың ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды. Демалыс оқу жылына үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі. 1-сынып оқушылары үшін үшінші тоқсанда қосымша бір апталық демалыс беріледі. Демалыстардың нақты мерзімдерін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органы белгілейді.

67. Бөлек пәндер бойынша сабақтар өткізу кезінде сыныптар Орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес топтарға бөлінеді.

68. Мемлекеттік мекемеде білім алушылардың білімдерін тереңдетуге, қызығушылықтары мен бейімділіктерін дамытуға мүмкіндік беретін пәндік үйірмелер, арнайы курстар жұмыс істейді.

69. Денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-кеңес комиссиясының (ДКК) қорытындысы негізінде ұзақ уақыт білім беру ұйымдарына бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе тиісті үлгілік оқу жоспарларына сәйкес стационарлық көмек көрсететін, сондай-ақ қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту ұйымдарында тегін жеке оқыту ұйымдастырылады.

Үйде оқыту кезінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар психофизикалық мүмкіндіктеріне байланысты жалпы білім беретін, қысқартылған немесе арнайы бағдарламалармен оқиды.

70. Мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі №347 бұйрығымен бекітілген Бастапқы әскери дайындық қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен әскерге шақыруға дейінгі және шақыру жасындағы білім алушыларды бастапқы әскери даярлау жүргізіледі.

71. Мемлекеттік мекемеде балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) сәйкес ұйымдастырылады.

72. Мемлекеттік мекеме білім алушылардың бойында патриоттық тәрбиені, айналасындағыларға толерантты қарым-қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде тамақтандыру объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жолымен теңгерімді дұрыс тамақтануды және табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

73. Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет мекемелерінде, спорт ғимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табиғатта) өткізеді.

74. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда "Білім туралы" Заңның 37-2-бабының 2-тармағына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органы мен мемлекеттік мекеме білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен барлық білім алушылар үшін қашықтан оқытуды енгізеді.

8-тарау. Білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесін, оларды өткізудің нысандарын және тәртібі

75. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5191 болып тіркелген) бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларына (бұдан әрі – Бақылаудың үлгілік қағидалары) сәйкес білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізеді.

76. Осы жарғымен қамтылмаған білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, оларды аралық және қорытынды аттестаттау тәртібі мен нысаны Бақылаудың үлгілік қағидаларымен реттеледі.

77. Мемлекеттік мекеме білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау нысандарын, тәртібін және кезеңділігін таңдауда дербес болады.

Үлгілік бақылау қағидаларына сәйкес білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау формативті және жиынтық бағалау түрінде жүзеге асырылады.

78. Формативтік бағалау, оның ішінде үй жұмысын бағалау білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуіне мониторинг жүргізу және сабақта сараланған жұмысты одан әрі құру үшін жүргізіледі және педагогтің ұсыныстары арқылы жазбаша нысанда (дәптерлерде немесе күнделіктерде) немесе ауызша жүзеге асырылады.

Тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері балл қою арқылы формативті бағаланады. 2-11 сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүзеге асырылады.

79. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер жүргізеді.

Тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде және қашықтықтан оқыту нысанында оқыту кезінде жиынтық бағалау 2-11 сыныптарда жүргізіледі. Бұл ретте пәндер бойынша 1 бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - БЖБ) өткізіледі.

1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктері бағаланбайды.

80. Формативті бағалау, БЖБ және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - ТЖБ) нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады.

81. БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе) мен сабағын және БЖБ орындау уақытын педагог өздігінен белгілейді.

82. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

83. БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.

84. Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды. ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді. Бір оқу пәні бойынша БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмейді.

85. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда аптасына екі немесе одан да көп сағат оқу жүктемесі бар пәндер бойынша тоқсанына бір БЖБ, тоқсанның соңында ТЖБ өткізіледі.

86. Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын педагог өзі дайындайды.

87. Тілдік пәндерден жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша жүргізіледі (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым). Тыңдалым (тыңдау) және айтылым дағдыларын бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған аптаның ішінде сабақтың барысында жүргізіледі.

88. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда БЖБ мен ТЖБ қашықтан оқыту арқылы ұйымдастырылады.

89. Бөлім (ортақ тақырып) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысы болмаған жағдайда білім алушы уақытша аттестаттаудан өтпеген болып есептеледі.

90. Білім алушылардың жиынтық бағалау нәтижелері балл түрінде (қағаз/электрондық) журналға қойылады және Бақылаудың үлгілік қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес балды бағаға ауыстыру шәкілі бойынша тоқсандық және жылдық бағаға ауыстырылады.

91. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша ақпарат білім алушыларға және ата-аналарға немесе баланың заңды өкілдеріне қағаз түрінде немесе электронды нұсқада беріледі.

92. Тоқсандық баға формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылады.

Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде жартыжылдыққа баға формативті бағалау және БЖБ нәтижесі бойынша қойылады.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше

жағдайлар туындаған жағдайларда тоқсандық баға формативті бағалауды, бір БЖБ мен ТЖБ нәтижелерін ескеріп қойылады.

93. 1-сыныпта жылдық баға қойылмайды.

94. 2-11 сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы тоқсандық бағалар жиынтығының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады және қорытынды баға болып табылады.

Оқу жылының қорытындысы бойынша аралық аттестаттау жүргізілмейді.

"3", "4", "5" бағаларын алған 2-8 және 10 сынып білім алушылары келесі сыныпқа көшіріледі.

95. Негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру білім алушылардың міндетті қорытынды аттестаттауымен аяқталады және мынадай нысандарда өткізіледі:

1) 9 сыныптардың білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары;

2) 11 сыныптардың білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары.

96. 1-8, 10 сыныптардың білім алушыларына қорытынды аттестаттау қарастырылмайды.

97. Қорытынды аттестаттауға ЖМБС талаптарына сәйкес үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9, 11 сыныптардың білім алушылары жіберіледі.

98. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9 сынып білім алушылары төрт пәннен емтихан тапсырады, оның біреуі таңдау бойынша.

99. 9 сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау Бақылаудың үлгілік қағидаларының 37 тармағымен айқындалған нысандарда өткізіледі.

100. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламаларын меңгерген 11 сынып білім алушылары бес емтихан түрінде қорытынды аттестаттау тапсырады, олардың біреуі таңдау бойынша.

101. 11 сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау Бақылаудың үлгілік қағидаларының 39 тармағымен айқындалған нысандарда өткізіледі.

102. 9 және 11 сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттаудан білім басқармасы басшысының бұйрығымен Бақылаудың үлгілік қағидаларының 50, 51 тармақтарында көрсетілген жағдайларда босатылады.

103. Оқу жылы ішінде (бір немесе бірнеше тоқсан кезеңінде) шектеу шаралары, оның ішінде карантин жарияланған жағдайларда 9, 11 сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау Бақылаудың үлгілік қағидаларының 50-2 тармағымен айқындалған нысандарда өткізіледі.

104. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан босату туралы бұйрықтар Бақылаудың үлгілік қағидаларының 51 тармағында көрсетілген құжаттар негізінде шығарылады.

Қорытынды аттестаттаудан босатылған білім алушылардың қорытынды аттестаттауы ағымдағы оқу жылының жылдық бағасы негізінде жүргізіледі.

105. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 61 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13110 болып тіркелген) бекітілген Экстернат нысанында оқыту қағидаларына сәйкес экстернат нысанында білім алушы балалар қашықтан оқыту арқылы ТЖБ нысанында қорытынды бітіру емтиханын тапсырады.

106. 9 және 11 сынып білім алушыларының пәндер бойынша қорытынды аттестаттау нәтижелері балл түрінде журналға (қағаз/электрондық) қойылады және Бақылаудың үлгілік қағидаларының 4-қосымшаға сәйкес емтихан балдарын емтихан бағасына ауыстыру шәкілі бойынша ауыстырылады.

107. 9 және 11 сыныпта пән бойынша қорытынды бағаларды шығару кезінде қорытынды баға емтихан нәтижелері (бес балдық шәкіл бойынша) және оқу жылындағы тоқсандық бағалар (бес балдық шәкіл бойынша) 30%-70% пайыздық арақатынаста қойылады.

(тоқсандық бағалардың ортақ арифметикалық мәні). Қорытынды бағаны дөңгелектеу жақын бүтін санға жүргізіледі.

Егер 11 сыныптарда инварианттық компоненттің тереңдетілген және стандартты деңгейлерінің пәндері таңдалмаған жағдайда, жалпы орта білім туралы аттестатқа осы пәндер бойынша 9-сыныпта алған қорытынды бағалары қойылады.

108. Қорытынды аттестациядан өткен білім алушыларға мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттар беріледі.

109. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері педагогикалық кеңесте талқыланады. Педагогикалық кеңес оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарту бойынша шаралар қабылдайды.

9-тарау. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесін және тәртібі

110. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 қазандағы № 541 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16899 болып тіркелген) бекітілген Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік білім беру мекемелерінің оларды өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуі және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсауы қағидаларымен (бұдан әрі - Ақылы білім беру қызметтерді көрсету қағидалары) белгіленген тәртіппен ақылы білім беру қызметтерді ұсынады.

111. Мемлекеттік мекеме "Білім туралы" Заңының 63-бабына сәйкес мемлекеттік мекеме МЖБС талаптарынан тыс ақылы қызметтер көрсету туралы шартты жасай отырып, тиісті тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша ақылы негізде мынадай:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту) іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында әртүрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мемлекеттік мекемеде өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;

7) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыру бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) беру бойынша ақылы негізде қызметтер ұсына алады.

112. Мемлекеттік мекемеде ақылы білім беру қызметі бюджеттен қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметі шеңберінде және оның орнына көрсетіледі.

113. Мемлекеттік мекеме ақылы негізде ұсынылатын тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

114. Мемлекеттік мекеме ғимараттарының көрінетін жерінде ұсынылатын ақылы қызметтердің тізбесі мен ұсынылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) баға көрсеткішін көрсете отырып ақпарат орналастырады.

115. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлері МЖБС-ның негізінде әзірленген және тиісті саланың уәкілетті органымен, облыстық білім басқармасымен келісілген жұмыс оқу жоспарлары (бағдарламалары) бойынша ұсынылады.

116. Білім алушыларға және (немесе) тәрбиеленушілерге тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлері кәмілет жасқа толған білім алушының және (немесе) тәрбиеленушінің және ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің еркін нысандағы өтініштерінің негізінде жеке кесте бойынша ұсынылады.

Ақылы қызмет түрлерін ұсыну туралы өтініш қаралады және ол бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасымен белгіленген мерзім ішінде шешім қабылданады.

117. Ақылы негізде қызмет көрсететін мемлекеттік мекемесі мен білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының және өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес шартпен реттеледі.

118. Мемлекеттік мекеменің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсеткені үшін қолма-қол ақша алу қассалық кіріс ордерлерінің негізінде міндетті түрде бақылау-қассалық машиналарды қолдана отырып тараптардың қол жеткізген уағдаластықтары негізінде жүргізіледі.

119. Мемлекеттік мекеменің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түсетін қаражат мемлекеттік мекеменің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарлары бойынша пайдаланылады.

120. Мемлекеттік мекеменің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін, өз иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарлары "Бюджеттің атқарылуы және оған қассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9934 болып тіркелген) тәртіппен жасалады.

121. Мемлекеттік мекеме МЖБС-ның талаптарынан тыс тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізуден түсетін қаражат Ақылы білім беру қызметтерді көрсету қағидаларының 9, 10 тармақтарында айқындалған бағыттар бойынша жұмсалады.

122. Мемлекеттік мекеме заңнамада белгіленген тәртіппен дене шынықтыру-сауықтыру және спорт объектілерін мүліктік жалға (жалға) беру бойынша қызметтер көрсетуге құқылы.

123. Мүліктік жалдауға (жалға) беруден алынған кірісті мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдаланады.

10-тарау. Мемлекеттік мекеменің білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын рәсімдеу тәртібі

124. Мемлекеттік мекеменің білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастары ынтымақтастыққа, оқу үдерісіне қатысушылардың өзара құрметіне және білім алушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес даму еркіндігін қамтамасыз етуді ескере отырып құрылады.

125. Мемлекеттік мекеме оқушылар санына қабылдау кезінде «Білім туралы» Заңның 47, 49-баптарында көзделген тәрбиеленушілердің, ата-аналардың және оқушылардың басқа да заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттерін, міндеттерін түсіндіреді, сондай-ақ жазбаша нысанда қол қойдырта отырып, осы Жарғымен, ішкі тәртіп ережелерімен және оқу процесінің тәртібі мен ұйымдастырылуын реттейтін басқа да құжаттармен, оның ішінде міндетті мектеп формасына қойылатын талаптармен таныстырады.

126. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің:

- 1) МЖБС сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) мемлекеттік мекеме кеңесінің шешімі бойынша МЖБС шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;
- 3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;
- 4) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;
- 5) мемлекеттік мекемені басқаруға қатысуға;
- 6) қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына ауысуға;
- 7) мемлекеттік мекемеде, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін дайындалған оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуге;
- 8) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;
- 9) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;
- 10) өзінің азаматтық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 11) оқудағы және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

127. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер:

- 1) МЖБС талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, мемлекеттік мекеменің жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;

2) білім алушылар мен тәрбиеленушілер өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;

3) мемлекеттік мекемеде білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

128. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің міндеттерін бұзғаны үшін оларға мемлекеттік мекеменің ішкі тәртібінің ережелерімен және жарғысымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

129. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

- 1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы мемлекеттік мекемені басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) мемлекеттік мекемеден өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына құқығы бар.

130. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

1) балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) мемлекеттік мекеменің жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

3) балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге;

4) мемлекеттік мекеме жұмыскерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

5) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;

6) мемлекеттік мекемеде белгіленген киім формасын сақтауға міндетті.

131. Орта білім беру ұйымдарының жалпыға міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) «Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13085 болып тіркелген) белгіленген.

132. Міндетті мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады.

133. Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

134. Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка (ұзындығы тізеге дейін), классикалық жейде (қысқы уақытқа: трикотаж жилет, сарафан, водолазка, шалбар). Қыздарға арналған шалбарлар классикалық үлгіде тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

135. Ұлдардың мерекелік формасы күнделікті формаға қосымша ақ жейдеден, қыздар үшін ақ түсті блузкадан құралады.

136. Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (крассовка, кеды) тұрады.

137. Мектеп формасына классикалық пішіндегі мектеп формасының негізгі түсіне сәйкес немесе кереғар келетін галстук тігіледі.

138. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін (хиджаб, бас орамал, такия және басқаларын) қосуға болмайды.

139. Мемлекеттік мекеменің басшысы және қоғамдық кеңес (мектеп кеңесі, қамқоршылық кеңесі, ата-аналар комитеті) жалпыға міндетті мектеп формасын енгізу кезінде Талаптарды басшылыққа алады.

140. Мемлекеттік мекеменің басшысы мектеп формасын оқу жылының 25 мамырына дейін бекітуді қамтамасыз етеді.

141. Мемлекеттік мекеменің басшысы оқушылардың мектеп формасын сақтауы туралы мәселені қоғамдық кеңестің қарауына енгізеді.

142. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, форс-мажор жағдайлары туындаған жағдайларда шектеу іс-шаралары алынғанға, төтенше жағдай қолданысы, форс-мажор жағдайлары тоқтатылғанға дейін ата-аналар балаларды орта білім беру ұйымдарына киіп бара алатын іскерлік, классикалық стильдегі ыңғайлы киіммен қамтамасыз етеді.

143. Мемлекеттік мекеме басшысы оқушыларды мемлекеттік мекемеге қабылдау кезінде білім беру қызметтерін көрсетуге үлгі шартқа сәйкес балалардың ата-аналарымен немесе басқа заңды өкілдерімен білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасайды.

144. Ақылы негізде қызмет көрсететін мемлекеттік мекеме мен білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының және өзге де заңды өкілдерінің арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жеке шартпен реттеледі.

145. Оқу процесінде туындаған келіспеушіліктер мен дауларды өзара қолайлы шешімдерге келу мақсатында тікелей тараптардың өздері шешеді.

146. Тараптар арасында келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер жасау жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

147. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік мекемеге келушілер арнайы журналға тіркеледі. Келушілерді тіркеу жеке басын куәландыратын құжат негізінде жүзеге асырылады. Келушіге баратын уақыты мен орны

көрсетілген рұқсаттама беріледі. Қажет болған жағдайда келушінің сөмкесі (бар болса) тексеріледі. Келушіні қабылдаған мемлекеттік мекеме әкімшілігінің басшылығы шығу уақытын көрсете отырып, рұқсаттамаға қол қояды. Рұқсаттама мемлекеттік мекеме ғимаратынан шыға берісте кезекшіге тапсырылады.

148. Алкогольдік, есірткілік немесе уыттық масандану, психикалық ауытқу белгілері бар адамдар мемлекеттік мекеме ғимаратына кіргізілмейді. Мұндай келуші туралы дереу мемлекеттік мекеме басшылығы және ішкі істер органдарына хабарланады.

11-тарау. Мемлекеттік мекеменің педагогикалық персоналын іріктеу тәртібі.

Педагогтардың құқықтары мен міндеттері

149. Мемлекеттік мекемені кадрлармен қамтамасыз ету тәртібі осы жарғымен және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасымен реттеледі.

150. Мемлекеттік мекеменің штат саны «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді.

151. Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам жіберіледі.

152. Педагогтің кәсіптік қызметіне:

1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) медициналық қарсы көрсетілімдері бар, сондай-ақ психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтары (аурулары) бар, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған;

4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттары жоқ адамдар;

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген өзге де шектеулер негізінде жіберілмейді.

153. Мемлекеттік мекемеге педагогтерді жұмысқа қабылдау конкурстық негізде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Конкурсқа «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін және конкурсқа барлық қажетті құжаттарды ұсынған педагогтар қатыса алады.

154. Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:

